«Шымкент каласының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау анықтамасының талқылау
Хаттамасы

Шымкент қаласы 2 маусым 2026 жыл

Қатысқандар: «Шымкент каласының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мақсатында құрылған комиссия мүшелері:

Тайғашов Бекжан Болатұлы - Шымкент каласының білім басқармасы басшысының орынбасары м.у.а, комиссия төрағасы;

Комиссия мүшелері:

Жанадилова Аягоз Балгабаевна - Ұйымдастыру бақылау бөлімінің бас маманы;
Лесбай Олжас Мұхамеджанұлы - Мемлекеттік-құқық бөлімінің басшысы;
Ильясова Ақерке Ахметовна - Жалпы орта білім беру бөлімінің бас маманы;
Есенгелди Жасұлан Маратұлы - Тәрбие және қосымша білім беру бөлімінің бас маманы;
Ертаева Айгерім Байгалиевна - Мектепке дейінгі білім беру бөлімінің басшысы;
Рустемова Айгуль Жакипбаевна - Техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы;
Пірімқұлов Ерлан Пірімқұлұлы - Материалдық техникалық базаны дамыту бөлімінің бас маманы;
Утебаева Алия Алеухановна - Қамқорлық пен қорғаншылық бөлімінің бас маманы;
Ережепов Марлен Дунминович - Мемлекеттік-құқық бөлімінің бас маманы.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:
«Шымкент каласының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында жүргізілген ішкі талдау анықтамасын талқылау.

Комиссия төрағасы Б. Тайғашов - «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары» және Басқарма басшысының 2026 жылғы 15 мамырдағы № 376 н/қ бұйрығымен комиссия құрылып, талдау анықтамасының жобасы әзірленгендігін хабарлады.

Комиссия мүшесі О. Лесбай - ішкі талдау жұмыстары Басқарма басшысының бұйрығына сәйкес жүргізілгендігін және ресми интернет ресустарда жарияланғандығын айтып өтті.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесінде Басқармада 2 (екі) сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталғандығын хабарлады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесінде анықталған тәуекелдерді жою бойынша ұсыныс пікірлер мен ескертпелер бар болса хабарлауын сұрады.

«Шымкент каласының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін құрылған комиссия мүшелері ішкі талдаудың нәтижелері бойынша, ұсыныс пікірлері жоқтығын хабарлады.

Жиналыс қортындысы бойынша келесі шешімдері қабылданды:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің қорытынды анықтамасының көшірмесімен Басқарма қызметкерлері таныстырылсын.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың нәтижелері Шымкент қаласы әкімінің аппаратына ұсынылсын.

Комиссия төрағасы **Б. Тайғашов**

Комиссия хатшысы **О. Лесбай**